

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 ақпан N 213

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Z962823_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасындағы еркін экономикалық аймақтардың мәселелері" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 сәуірдегі N 320 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 15, 245-бап):

"Жезқазған облысындағы Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағын дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 қыркүйектегі N 734 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 35, 529-бап);

"Талдықорған облысындағы Алакөл еркін экономикалық аймағын дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 қыркүйектегі N 740 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 35, 533-бап);

"Талдықорған облысының Жаркент еркін экономикалық аймағын дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 қыркүйектегі N 741 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 35, 534-бап);

"Талдықорған қаласындағы "Талдықорғансырткөлік" кәсіпорнының негізінде еркін экономикалық қосалқы аймақты дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 4 қыркүйектегі N 742 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 35, 535-бап);

"Маңғыстау еркін экономикалық аймағын дамыту үшін басым маңызы бар бірінші кезектегі мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қазандағы N 904 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 41, 612-бап);

"Лисаковск еркін экономикалық аймағының дамуы үшін басым маңызы бар бірінші кезектегі мәселелер туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 қарашадағы N 974 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 45, 656-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және

күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 шілдедегі N 663 қаулысының N 1 қосымшасының 4 және 8-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 31, 362-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық салу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және кейбіреуінің күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 тамыздағы N 1069 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық салу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 4, 5, 6, 7, 8, 9-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 27, 320-бап);

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қазандағы N 1327 қаулысымен бекітілген Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 32, 407-бап).

2. Жезқазған, Талдықорған, Қостанай облыстарының және Алматы қаласының әкімдері сондай-ақ аталған облыстардың Еркін экономикалық аймақтарының Әкімшілік кеңестері Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заң күші бар Жарлығына қайшы келетін нормативтік құқықтық актілерді қайта қарасын және күшін жойсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1996 жылдың 20 ақпанына дейінгі мерзімде мүдделі мемлекеттік органдармен келісу тетігі енгізілген "Арнайы экономикалық аймақтар құру туралы ұсыныс енгізу тәртібін", сондай-ақ тұжырымдама мен техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

4. Жезқазған, Талдықорған, Қостанай облыстарының және Алматы

қаласының әкімдері бір ай мерзімде еркін экономикалық аймақтар қызметінің қаржы-экономикалық қызметінің нәтижелерін қарасын және жаңа экономикалық жағдайда олардың жұмыс істеуінің орындылығы туралы мәслихаттармен келісілген ұсыныстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК